

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of history

№1 (84)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 1 (84)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Қартаева Т.Е., профессор м.а., т.ғ.к.

(Қазақстан)

Телефон: +727-377 33 38 (1288)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Кәрібаев Б.Б., профессор, т.ғ.д. – ғылыми редактор
(Қазақстан)

Ноғайбаева М.С., т.ғ.к., доцент – ғылыми
редактордың орынбасары (Қазақстан)

Надежук Е., докторант – техникалық редактор
(ағылшын және орыс тілдері бойынша)

Әбжанов Х.М., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Әлімғазинов Қ.Ш., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сұлтанғалиева Г.С., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Омаров Ғ.Қ., т.ғ.д., доцент (Қазақстан)

Омарбеков Т.О., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жұмағұлов Қ.Т., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Қалыш А.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Нұрғазина Н.Д., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Миша Майер – Эберхард Карл атындағы Тюбинген
университеті Ежелгі тарих институты директоры,
профессор (Германия)

Юлай Шамильоглу, Висконсин университетінің
профессоры (АҚШ)

Уямо Томохико, Хоккайдо университеті славян-
еуразиялық зерттеу орталығының жетекші ғылыми
қызметкері, профессор (Жапония)

Ожал Огуз, Түркия Республикасының ЮНЕСКО
ұлттық комиссиясының президенті, академик
(Түркия)

Мехмет Шахингоз, Гази университеті, профессор
(Түркия)

Гзавье Аллез, әлеуметтік ғылымдар институтының
профессоры (Франция)

Тишкин А.А., Алтай мемлекеттік университеті про-
фессоры (Ресей)

Петер Финкель, Цюрих университеті профессоры,
Этнология институтының директоры, профессор
(Швейцария)

Тарих сериясы Отан тарихы, Дүниежүзі тарихы, деректану, тарихнама, археология, этнология, түрік халықтарының тарихы, тарихи тұлғалар, мұражай ісі, мұрағаттану бағыттарын қамтиды.



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шахкозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shahkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727) 377-3411

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10662

Басуға 13.03.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 23.6 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс №995. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

Картаева Т.Е., Болсынбек Т.

Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде)

Сандық – киіз үйдің ішкі жиһаздарының киім-кешек, маталар, зергерлік бұйымдар, ас тағамдар сақтайтын түрі. Дәстүрлі қазақ тұрмысында сандық басты жиһазы және баспананың ішкі жабдығының қажетті бөлігі, сондай-ақ сәндік қолданбалы өнердің туындысы саналды. Сандық басқа жиһаздар ішінде киіз үйдің маңызды бөлігінде – төрде орналасты. Сандық үстіне жиналған жүктер мен теңдер үй иесінің байлығынан және әлеуметтік жағдайынан хабар берді. Сандықтардың әр түрлілігі және оларды сәндеудің әр түрлілігі халық шығармашылығынан, халықтық білімдер жүйесінен мәлімет береді. Сандықтар көне дәуірлерден бастап бүгінгі күнге дейін халық арасында жоғары сұранысқа ие.

Түйін сөздер: ағаш шебері, сандықтар, оймыштау, инкрустация.

Kartaeva T.E., Bolsinbek T.

The art of making a chest and its medium application (according to museum material)

The chest is one type of item of household goods for storing clothes, fabrics, jewelry, food, linen. In everyday life of the Kazakhs, the chest was the main type of furniture and necessary part of housing and at the same time a work of art. It took a visible place among other house furniture and utensils; it is a decoration of the yurt – the most honorable place in the yurt. The tied boxes on it demonstrate the wealth of the owner and his/her social status. A variation of the chest and decoration suggest the rich folklore and traditional taste of the Kazakhs. Chests have been in high demand among the Kazakh people since the ancient time. It is widely used even today.

Key words: Wood carver – agashshy, chests, wood carving, inlaying.

Картаева Т.Е., Болсынбек Т.

Искусство изготовления сундука и его среда применения (по музейным материалам)

Сундук – один из видов домашней утвари, предназначенный для хранения одежды, ткани, ювелирных украшений, продуктов, белья. В традиционном казахском быту сундук является необходимой мебелью и основной частью жилища, а так же произведением прикладного искусства. Оно занимало видное место среди других внутренних утварей и мебели, являясь украшением «төр» – самой почетной части юрты. Сложенные тюки подчеркивают богатство их владельца и его социальный статус. Разновидность сундука и их украшений свидетельствует о богатом народном творчестве и о народном знании. Сундуки пользуются большим спросом среди населения с давних времен до наших дней.

Ключевые слова: мастера по дереву – ағашшы, сундуки, резьба по дереву, инкрустация.

**САНДЫҚ ЖАСАУ
ӨНЕРІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫС АЯСЫ
(музей материалдары
негізінде)**

Кіріспе

Сандық киім-кешек, мата, зергерлік бұйымдар, т.б. заттар салуға арналған киіз үй жиһаздарының бірі, оның киіз үйдің ішкі жабдықтары мен жиһаздары арасынан алатын орны ерекше. Сандық төрдің сәні, сандықтың саны мен оның үстіне жиналған тең шаңырақ иесінің байлығы мен әлеуметтік жағдайынан мәлімет берген. Қазақтардың тұрмысында сандық негізгі тұрмыстық жиһаз болып саналады. Сандықтың үй тұрмысында тұтыныстық та, сәндік те, шаруашылық қарекетте де мәні зор. Төрдегі сандықтар молшылықтың, қазынаның көрінісі саналған. Қазақ сандықтарының көркемделуі мен атауларында аймақтық ерекшеліктер байқалады. Қазақтың дәстүрлі тұрмысын сандықсыз елесту мүмкін емес. Қазақтағы «сыр сандық» сөзі де сандықтың зат сақтауға арналған қызметіне байланысты туындаған. Сандықты ағашшылардан бөлек, темір ұсталары, зергерлер, ершілер де жасай берген. Дәстүрлі қоғамда жасалған сандық түрлерінің озық үлгілері ҚРМӨМ қорында сақталған.

Сандық түрлері мен қолданыс аясы

Сандықтың көлемі мен күнделікті тұрмыста қолданылуына орай абажа (абдыра, әбдіре), жағлан (жағдан), ағаш сандық, кеу сандық, тайсандық, киіз сандық, темір сандық, сүйек сандық, кебеже, қол сандық, шәй сандық деген түрлерге ажыратылған. Сандықтар қапталған материалына қарай киізбен қапталғаны киіз сандық, терімен қапталғаны – жағлан, алдыңғы беті темірмен безендірілгені темір сандық деп аталған.

«*Кіруге адам батпайды, аман-есен сақтайды*» деген қазақ жұмбағының шешуі сандық, «*Төрде төртеу төрем дейді, есікте екеу өлем дейді*» деген жұмбақтың шешуі – сандық пен қос босаға. Бұл жұмбақта төрдегі сандықтарды төреге теңегендігі, тұрақтылықтың, үлкендіктің, ал қос босаға беріктіліктің белгісі ретінде бейнеленген.

О. Шкапский «От Орска до Казалинска» атты мақаласында «*Киіз үйге кірсе, қаз-қатар қойылған, киізбен, матамен қапталған сандықтар көзге түседі. Сандықты жүкке сән келтіру үшін және көші-қонда сынын, бедерін ке-*

тірмеу, мүжіліп, қажалмас үшін қаптайды. Сандықтың санына қарай кісінің байлығын санауға болады. Сандықтар оң жаққа қойылады. Төрге жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, т.б. жүктер жиналады» (Шкапский, 1889: 127-128). О. Шкапский жазбасындағы «матамен қапталған сандықтар көзге түседі», – деген дерегі назар аударарлық, бұл жерде автордың киіз сандықты айтып тұрғаны сөзсіз. Себебі, сандықтың киіз қаптарының бетіне масаты мен пүліштен

ою-өрнектер сырып салынады. Ал, «сандықтар оң жаққа қойылады» дегенде кебеже туралы айтып тұрғаны сөзсіз. Кебеже төрден есептегенде оң жақта, яғни босаған кіргенде сол жақта қойылған.

В. Лавровтың Қазалы уезінен түсірілген бай қазақтың киіз үйінің жабдығы көңіл аударарлықтай, бұл фотоқұжатта киізбен қапталған сандықтардың киіз үйдің төрінде жиналып, бірнеше теңді ұстап тұруы үй иесінің байлығын көрсетеді (Лавров, 1916; 1-сурет).



1-сурет – Төрге сандық пен тең жиналған киіз үй (Лавров, 1916)

Сандықтардың түрлері мен атқаратын қызметіне қарай киіз үйдің ішінде арнайы орны болды. Жүк сандықтар, жүкаяқ арқылы көтеріліп, төрге қойылып үстіне тең жиналды (8-сурет), төрден қарағанда киіз үйдің оң жақ босағасына қарай асадал, сол жақ босағасына қарай кебеже қойылды.

Көлемі жағынан үлкені абажа (абдыра, әбдіре) деп аталып жүк сандық қызметін атқарған. Абажаның ішінің сыйымдығы мол болған, қазақтардың көлемі үлкен дүниені «абажадай» деп теңеу айтуы осымен байланысты. Абажаның көлемі үлкен болғандықтан оны көш кезінде жүк ретінде түйеге артпаған. Қажет болса арбамен алып көшкен. Негізінен көбіне тұрақты баспанада қойылған немесе жайлауға кеткенде қыстау үйде қалдырып отырған.

Сыр бойында сандықтың кең тараған түрі, әрі осы күнге дейін кең қолданысқа ие болып

отырғаны – беті оймышталған ағаш сандықтар мен бетін қаңылтырмен қақтаған ағаш темір сандықтар. Темір сандықтың бет жағына әдетте жұқа мыс, қаңылтыр, жез таптаулармен, темір ені 0,5, 1 см болатындай, беті тегіс сымдарды шаршылап, кереге көздеп қадау шекіген, темір шаршыларды күміс қалпақты шегелермен бекіткен (2-сурет). Кейде темір бетін әсемдік үшін сырлаған (4-5, 10а-суреттер).

Темір сандық деп алдыңғы бетінің ою шекілген темірмен қапталуына орай, шартты түрде аталған. Темір сандық та басқа сандықтар сияқты ағаш тақталардан құрастырылған. Темір сандықты көтергенде салмақ болмас үшін бетіне темір жұқа қаңылтырдан жасалынып, оның үш түрі кездеседі. Бірі жоғарыда айтылған, қаңылтыр пластиналардан құрастырылған өрнекпен жасалғаны. Ол үшін қаңылтырдан тік болып келген, ұзындығы 15-20 см болатындай тілше, пластинкалар жасап, оларды бір-бірімен геомет-

риялық өрнек ізімен қиюластырған (2-сурет). Темір сандықтың бұл түріне шеберлік және дәлдік өлшем қажет болған. Екіншісі сандық пішіміне орай кесілген қаңылтырды бояп, бетіне өрнекті


арнайы қалыптармен бастырып (3-сурет), безеп түсірген, сондай-ақ ұста бізі арқылы шекіп ою өрнек салған түрі. Үшіншісі, күміс құймалармен безендіргені (5-сурет).



2-сурет – Абажа. Арал тарихи өлкетану музейі




а



ә



б



в

3-сурет – Темір сандыққа ою-бедер түсіретін қалыптар



4-сурет – Сандық. ҚРММ қоры. КП19426



5-сурет – Сандық. ҚРММ қоры. КП22777



а



ә

6-сурет – Ағаш сандықтар. Сырдария экспедициялары материалдары.

Кебежелерге кісен, шідер, тоғанақ, т.б. шаруашылық бұйымдары салынған. Ал көш кезінде ішіне көрпеше төсеп, кішкентай баланы отырғызуға да пайдаланған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, 2014: 530-531).

Кебежелер жерден көтеріп тұратын төрт аяғымен бірге жасалынған. Ағаш бетін оймыштап әсемдеп жасаған кебежелерде, ағаштың табиғи бояуы сақталады, әрі өсімдік типтес көгеріс және зооморфты өрнектерді бір-бірімен байланыстыра отырып, ойған түрлері жиі кездеседі (7ә-сурет).

Ағаш сандықты төрт бұрыштап кесілген, жонылған тақтайлардан қиюластырып, бетін оймыштап өрнек шабады, жосамен, лакпен, охрамен бояған. Ағаш сандықтарға өсімдік типтес және геометриялық оюлар шабылған (Востров, 1963: 42-43; 3-сурет).

Жағлан сандық түрлерінің үшіндегі ең сәндісі десек те болады. Жағлан үшін дайындалған сандықтың сүйегін немесе ағашын былғары терімен қаптап, арнайы қалыптармен ою-бедер түсірген, бетін құйма күміспен, қалпақты күміс шегемен әшекейлейді. Оны жағдан деп те атайды.

Қыз Жібек жырындағы

«Сексен түйе үстінде,
алтынды жағдан орнаған» –

деген жолдар жағланның қыз жасауына арнап соғылғандығын меңзейді.


Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде XVIII – XIX ғасырларда кең тараған. Қажетті, сапалы былғары мен күміс табу оңай болмағандықтан, жағланды тек сән қуған ауқатты адамдар ұзатылатын қыздарға арнап жасатқан. Жағланды жергілікті жерде жағдан деп те атайды. Жағланға арналған теріге бастырып, ою-өрнек түсіреді,

күміс құймалармен әшекейлейді. Жағлан тігу үшін сиыр мен жылқы терісі пайдаланылды және тері сандықтың ағаш қаңқасына керіліп тігілді. Жылқы, сиыр, түйе терілерін өңдеу үшін суда жұмсартып, жүнінен айырады да, 7 күн ащы айранда ұстайды. Айранға су, тұз, ұн қосады. Кептірген соң ағаш оқтау көмегімен жұмсартады. Тері үлкен, қатты болғандықтан 2 ағаш оқтауды бір-біріне жіппен байлап, теріні орап, тері әбден жұмсарғанша ағашпен ысқылайды. Теріні бояу үшін иленген теріні суға салып, жұмсартып, киізбен бастырып, жайып тастайды, содан кейін кептіріп, қолмен тағы илейді. Маймен әбден сылап, ашыған айранға салады, содан кейін бірнеше күн бояу жасалған ыдысқа салады.

Жағлан теріге арнайы бояумен қатар, сәнділігін арттыру үшін ою-өрнектермен бедер түсірген. Ол үшін жаңа өңделген жұмсақ теріні ою ойылған ағаш қалыптың үстіне жайып, оймыш ойықтарына жұмсақ теріне қолмен енгізіп, үстін ауыр таспен бастырады. Тері әбден кеуіп болғанша, ою да түсіп, қатып үлгереді.

Бетін сүйектермен өрнектелгенін *сүйек сандық* деп атау қалыптасқан. Ол үшін қойдың қабырға сүйегін әбден майынан арылтып қайнатып, ортасынан тіліп, кермегін тазалап, түтінге ыстайды, дайын болған сүйек талдарын күміс шегелермен геометриялық пішінде қиюластырып орнатады. Сүйек сандықтар, сүйек жүкәяктер, сүйек кебежелер сандықшылар мен сүйекшілердің жоғары эстетикалық талғамынан мәлімет береді, әрі сүйектелген сандықтар қымбат бағаланған (5, 7-суреттер).

Киіз үй төріндегі сандықтарды көтеріп тұратын жүкәяк арқылы сандық ішіне ауа кіреді, жерден ыза өтпейді, ал сандық үстіне жиналған жүк «тең» деп аталады (8-сурет).



7-сурет – Көш жолындағы қазақ және кебежеге отырғызылған бала
(ҚРММ Фотокүжаттар қоры)



а



ә

8-сурет – а) Сүйектелген кебеже Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі;
ә) Ағаш кебеже. Оймыш. Сырдария экспедициясы материалдарынан



а



ә


9-сурет – а) Ағаш сандық жұқаяғымен;
ә) Жұқаяқ. Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейі

Г.С. Загряжский: «Сырдария қазақтарын тұрмыс қажетін қамтамасыз ететін заттарды өздері жасап отырды, қажетіне қарай шеберлерге тапсырыс берген», – дейді (Загряжский, 1874: 118-119). Г.С. Загряжский бұл жерде өздері жасап отырды деп киіз, кілем, алаша, бау-шулар, көрпе, көрпешелер сияқты үй кәсіпшілігінде дайындалатын заттарды айтып тұрғаны белгілі. Сандықтардың қақпағының үстіне төсейтін жапқыш-кілемшенің пішімі, сандық көлеміне сәйкес келген, оны әрбір әйел үй тұрмысында тоқи алған. Сандық кілемше тоқу Сыр өңіріне тән қолөнер (АЭМ). Сандық кілемшені көбіне үстіне жүк жиналмайтын болғандықтан кебеже үстіне жапқан. Кілемнен тоқыған сандық қапты көш кезінде киім-кешек салатын шабадан ретінде де қолданған. Ешмұхамед Букин бойынша жүк сандықтарды киізбен, кілеммен қаптаған, сандық үшін арнайы сандық қап тоқыған, – деген (Букин, 1883: 66).

Сыр қазақтары арасында егде тартқан көп жасаған, үбірлі-шүбірлі болып қайтыс болған әйел адам, яғни кемпір өлгенде атқарылатын рәсімнің бірі – «сандық ашу». Сыр өңірінде кемпірлер жасы келген уақыттан бастап «о дүниелік киімім» деп сандығына 20 метр «ақ сұп», яғни ақ шыт мата, жиған-терген маталарын, сақина-білезіктерін, тәуір деген киімдерін салып қоя берген. Бұл сандықты үй-ішіндегілер шартты түрде «кемпірдің сандығы» деп атайды. Бұрын «кемпір сандығын» келін-қыздары ашып, ақ сұпты кебінге деп, ал киімдерін бөлісіп алған, марқұмның жақсы деген киімін суға алған адамдарға деп берген. Қазіргі кезде жергілікті қазақтардың айтуы бойынша 1980 жылдардан бастап бұл рәсімнің атқарылу реті өзгеріске ұшырап, сандық арнайы белгіленген уақытта көпшілік алдында ашылған.

Яғни, кемпірдің сандығы қонағасы күні құда-жекжаттар жиналған уақытта кешкі сағат 5 шамасында ашылады, рәсімге тек қонағасыға жиналған әйел адамдар қатысады да, оларға марқұмның көзі тірі кезінде жиған-тергендерімен қатар, қыз-келіндері әкеліп салған көйлек-көншек, сақина-білезіктері, ашымқа шәйлері таратылады. Көп жасаған кемпірдің сандыққа жиғанынан «тәбәрік» алып кету кәде ретінде қалыптасқан (АЭМ). И. Кастанье бойынша марқұмның көзі тірісінде сандыққа салып жинаған заттарын тарату өлікті жерлеп келгеннен кейін атқарылған (Кастанье, 1911: 80).

Сандықерте кезден ұзатылар қыздың жасауының міндетті бір бөлігі болған (Алтынсарин, 1870; Арғынбаев, 1996; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 2006). Жасау беру қыз ата-анасы үшін өте жауапты іс саналды. Сыр өңірінде қыз жасауына, яғни жергілікті тілмен айтқанда «қыз дүниесіне» қолдан соғылған сандық апару ертеден қалыптасып, сақталған, қыз сандығына аты шыққан шеберге тапсырыс беруге тырысқан, оның әсемдігіне сандықшы бар өнерін салады. Сыр өңірінің Жалаңаш, Терөзек, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарында қыз күйеуге кеткен соң қыз киімін беру қыз шешесінің міндеті саналады. Бұл дәстүр «*киім апару*» деп аталып, дайындалған киімдер жасау құрамында сандықтан бөлек, киімге деп арналап соқтырылған сандыққа салынады, киім апаруға қыздың 2-3 жеңгесі сайланады, олар да киімге, яғни сандықты толтыруға өз үлестерін қосады. Сандықпен киім әкелуші құдашаларды күйеу үйі күтіп, киіт кигізіп қайтарады. Сондай-ақ, ұзатылар қызға жасауымен бірге апаруға әшекей, айна-тарақ сияқты жеке заттарын салуға арнап көлемі кіші сандық соқтырған, ол қол сандық (10-сурет) деп аталған.



а



ә

10-сурет – Қол сандықтар. Сырдария экспедициясы материалдарынан

Ондай көлемі кіші сандыққа кейде кептірілген тәттілер салынғандықтан болу керек «шәй сандық», қапталған шикізатына қарай «сүйек сандық» деген атауы да кездеседі. Қол сандықтарды шеберлер майда құрал-саймандар сақтау үшін де жасаған. Қазіргі таңда қолсандықтарды жаңа туылған балаға «бесікке салар» жасағанда қыз шешесі кәде ретінде жиен немересіне арнайы соқтырып, ішіне бала киімін салып апарды. Сандық соғуға жергілікті Сыр ағаштары, сыр тал, қарағаш діндерінен шабылған ағаштар қолданылады (АЭМ). Сыр өңірінде қыз бала дүниеге келгенде, нағашы жұрты бесікпен бірге, бесікке саларға, бала киімдері салынған шағын сандық апарды (АЭМ).

Сандыққа қатысты наным-сенімдер

Қазақтардың байырғы наным-сенімдері де күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан тәжірибеден келіп туындаған деуге болады (Толлеубаев, 1991). Қазақтардың көне наным-сенімі бойынша сандықты түнде ашуға болмайды. Ә. Диваев Сырдария экспедициясы кезінде осы нанымның мәнін Мұхамедәли Шахмұратовтың айтуы бойынша жазып алған: «әулеттен біреу өледі, – деген қауіппен түнде сандықты ашпайды; егер өте қажетті жағдайда ашатын болса, бұл жағдайда: «оған жылан кіріп кетті», – деп ашады» (Диваев, 1896: 57). Бұл дерек қартайған адамның сандыққа ақырет киімдерін салып жинауы ертеден қалыптасқанын нақтылайды, тек жоғарыда атап көрсеткеніміздей оны өлікті жөнелтуге жиналғандарға ашып көрсету рәсімі кейін пайда болған. Ә. Диваевтың түсіндіруі бойынша түнде сандық ашудың үш себебі бар, біріншіден қазақтар көшпелілер ретінде түнде сандықты онда сақталған бір зат қажет етілгенде, екіншіден өте ертемен жаңа

мекенге көшерде түйеге арту үшін ашады, үшіншіден жерлеуге қатысты ашылуы мүмкін және сандықты ашудың басқа себептері үй қожайынының еркіне байланысты (Диваев, 1896: 57-58). Сондай-ақ түнде сандық ашпау, қазақ халқының мифологиялық қаскүнем күштерге сенуіне орай, яғни шайтан аралап кетеді деген наныммен байланысты (АЭМ).

Яғни сандық белгілі бір қажеттілікке орай ғана ашылған. Сондай-ақ, Ә. Диваев бойынша екіқабат әйел толғатқанда толғағы жеңіл болсын деп, оған тиесілі сандықтардың бетін ашып қойған, – деп сандықтың бетін жақсылық шақыру, біреудің өміріне жол ашу мағынасында да ашылғандығын көрсеткен. Бұл ырым қазақтар үшін сандықтың мәні жоғары екенін көрсетеді (Диваев, 1896: 57-58). Түнде сандықты «жылан кіріп кетті» деп ашу ырымы бұл күнде сақталмаған. Дегенменде сандықтың аузын еш уақытта ашық қалдырмайды.

Қорытынды

Сандықтар күні бүгінге дейін қазақ жерінің барлық өңірінде кездескенімен, кең қолданыстағы түрі ағаш сандықтар. Ал, тарихи дәуірлерде, дәстүрлі тұрмыста қолданыста болған жағлан, киіз сандық, сүйек сандық, кебеже сияқты түрлерін музей қорлары мен экспозицияларынан кездестіруге болады. Үйде сандық ұстау, сандықты үйдің негізгі бір жиһазы ретінде санау дәстүрі Сыр өңірінде және қазақ жерінің батысында берік сақталған, әрі бұл өңірлерде қазіргі кездегі жергілікті шеберлердің барлығы дерлік сандық соғу әдісін меңгерген. Сандыққа мән берудің тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып отырғаны бұл өңірлерде қазақы дәстүрлер берік сақталғанымен, қазақи аймақ екендігімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер

- 1 АЭМ – автордың экспедициялық материалдары.
- 2 Алтынсарин И. (1870) Очерки обычаев при сватовстве и свадеб у киргизов Оренбургского воеводства. Машинописная рукопись. Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки. Оренбург.
- 3 Арғынбаев Х. (1996) Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар.
- 4 Востров В.В. (1963) Некоторые вопросы этнографии казахов Кызыл-Ординской области. Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР. Алма-Ата: Издательство АН КазССР.
- 5 Гродеков Н.И. (1889) Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина.
- 6 Диваев А. (1900) Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казань: Типо-литография Императорского Университета.

- 7 Диваев А. Приметы. Сборник для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Под редакцией секретаря комитета И.И.Гейера. V том. (1896). Ташкент: Типолиитография торгового дома Ф и Г. Бр. Каменско-го. С.56-59.
- 8 Джанибеков О. (1990). Эхо. Алма-Ата: «Өнер» баспасы.
- 9 Загряжский Г. (1874) Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. Туркестанские ведомости. №25. 25 июня. С.97-98, №27. С.106-107, №28. С. 110-111., №30. С. 118-119. №31 С. 123. №32. С. 129-130.
- 10 Иш-Мухамед Букин. (1883) Умственное и физическое воспитание у киргиз. Туркестанские ведомости. 1883. №17. 3 мая. С.66.
- 11 Лавров М.В. (1916) Туркестан. География и история края. 2-ое издание. – М.- Петроград: Т-ва В.В.Думнов, Насл. Бр. Салаевых.
- 12 Кастанье И.А. (1911) Надгробные сооружения киргизских степей. – Оренбург: Типография Тургайского Областного управления.
- 13 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (2006). 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін. Алматы. Арыс.
- 14 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (2014). 5 том. Алматы.
- 15 О.Ш. (1889) От Орска до Казалинска (кочевой быт казахского народа). Туркестанские ве-домости. 1889. №33. 15 авг. С.127-128., №36. 5 сент. С.140-141., №42. 17 окт. С.164., №43. 24 окт.С.167-168.
- 16 Тoleyбаев А.Т. (1991) Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-Ата: Ғылым.

References

- 1 АЭМ – the author’s field materials.
- 2 Altynsarin, Ibrai (1870). Oçerki obiçaeв prisvatovstve i svadeb u kirgizov Orenburgskogo vedomstva. Otdel rukopisey i redkih knih Natsional’noy biblioteki. Orenburg.
- 3 Argunbayev, Haleb (1996). Kazakh otbasy. Almaty: Kainar.
- 4 Bukin, Ish-Muhamed. (1883) Umstvennoe i fizicheskoe vospitanie u kirgiz. Turkestanskije vedomosti. №17. P.66.
- 5 Vostrov V.V. (1963) Nekotorye voprosy jetnografii kazahov Kzyl-Ordinskoj oblasti. Materialy i issledovaniya po jetnografii kazahskogo naroda. Tom 18. TIANKazSSR., Alma-Ata: Izdatel’stvo AN KazSSR, P.30-50.
- 6 Grodekov, Nikolai. (1889) Kirgizy i karakirkizy Syr-Daryinskoi oblasti. Yuridicheskii byt. Vol.1. Tashkent: Typo-lithography of S.I.Lakhtine.
- 7 Divayev, Abubakir (1900). Neskol’ko slov o svadebnom rituale kirgizov Syr-Dar’inskoy oblasti. Kazan: Tipo-litografiya Imperatorskogo Universiteta.
- 8 Divayev, Abubakir (1896). Primety. Sbornik dliya statistiki Syr-Dar’inskoi oblasti. Izdanie Syr-Dar’inskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. Pod redakciej sekretarja komiteta I.I.Geiera. V tom. Tashkent: Tipo-litografija torgovogo doma F i G. Br. Kamenskogo. P.56-59.
- 9 Zagriazhskii, Georgii (1874). Byt kochevogo naselenija dolin Chu i Syrdar’i. Turkestanskije vedomosti. №25. P.97-98, №27. P.106-107, №28. P. 110-111, №30. P. 118-119. №31 P. 123. №32. P. 129-130.
- 10 Lavrov M.V. (1916). Turkestan. Geografiya i istoriya kraja. 2-oe izdanie. Moskva – Petrograd: T-va V.V.Dumnov, Nasl. Br. Sалаevyh.
- 11 Kastań’e, Iosif (1911). Nadgrobnye sooruzheniya kirgizskih stepei. Orenburg: Tipografija Turgajskogo Oblastnogo upravlenija.
- 12 Kazakh halkukun dasturleri men adet-guruptari (2006). 2-tom. Dunuege kelgennen ozganga deiin. Almaty: Arys. 2006.
- 13 Kazaktyn etnografiyalık kategorijalar, ugymdar men ataularynyn desturli zhuiesi(2014). 5 tom. Almaty.
- 14 Toleybayev, Abdeshe (1991). Relikty doislamskih verovaniı v semeinoi obryadnost y kazakhov (XIX – naçalo XX vekov). Almaty: Gulim. 1991
- 15 Shapsriy, O (1889). Ot Orska do Kazalinska (kochevoi byt kazahskogo naroda). Turkestanskije vedomosti. №33. P.127-128., №36. P.140-141., №42. P.164., №43. P.167-168.

<i>Оспанова А.А.</i> Мұсылман өркениетінің Еуропаға таралуы.....	162
<i>Ракишева Г.К.</i> Роль Башкирии в развитии казахстанско-российских отношений в XX вв.....	168
<i>Ақмадиева Г.П.</i> Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орны.....	174
<i>Әлібеков С.</i> Ағылшын революциясы кезіндегі Карл I мен Ұзақ Парламент қарым-қатынасына Ирландиядағы көтерілістің әсері....	180

3-бөлім Раздел 3
Археология және этнология Археология и этнология

<i>Елеуов М.</i> Ортағасырлық Меркі қаласы.....	190
<i>Қалишабаева Б.К.</i> Халық медицинасындағы діни наным-сенімдердің семиотикасы мен семантикасы.....	196
<i>Қалишабаева Б.К., Бейсеғұлова А.Қ.</i> Қазақстандағы құмық диаспорасының этномәдениетіндегі ерекшеліктері.....	204
<i>Ескекбаев Д., Қапарова Л.</i> Казахская топонимика Омской области (I-ая четв. XX в.).....	212
<i>Shahbazov T., Kozgambayeva G.</i> About the customs and rituals of Novruz in Azerbaijan.....	218
<i>Солтиева Б.Ш.</i> Ислам тарихындағы әулиелік мәселелерінің алатын орны.....	224
<i>Бисембаева Л.А.</i> Жетісу қазақтарының күнделікті өміріндегі тосын құбылыстар (XIX ғас. II жартысы – XX ғас. басы).....	230

4-бөлім Раздел 4
Музей ісі және Музейное дело и
ескерткіштерді қорғау охрана монументов

<i>Файзуллина Г.Ш., Плетникова Л.Н.</i> Музейные сообщества в Казахстане: история и реальность.....	238
<i>Kozgambaeva G</i> Museum of victims of political repression of South kazakhstan region.....	248
<i>Картаева Т.Е., Болсынбек Т.</i> Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде).....	254
<i>Дауытбекова М.Қ., Қусаинова А.Б.</i> Мемлекеттік Орталық Музейдің тарихи этнография залындағы тұрмыс-тіршілік және зергерлік бұйымдардың маңыздылығы (музей коллекциялары негізінде).....	264

Мерейтой – Юбилей

<i>Қозыбақова Ф.А.</i> Отандық тарих тарланы.....	270
------------------------------------------------------	-----

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР – ОБЪЯВЛЕНИЯ

«Тарих сериясы» журналының саясаты.....	273
Авторларға қойылатын талаптар мен мақаланы рәсімдеу тәртібі.....	275
«Тарих сериясы» ғылыми мақалалар қолжазбасын рецензиялау тәртібі.....	279